

## 2010 жылы азаматтарды шақыру учаскесіне тіркеуді ұйымдастыру туралы

Жамбыл облысы Тараз қаласы әкімінің 2009 жылғы 28 желтоқсандағы N 15 Шешімі.  
Жамбыл облысы Тараз қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 09 ақпанда 99 нөмірімен тіркелді

*Р Қ А О е с к е р т п е с і :*

*Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.*

«Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 17-бабының 3 тармағына және «Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы № 371 Қаулысына сәйкес **ШЕШЕМІН:**

1. «Жамбыл облысы Тараз қаласының Қорғаныс істері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) 2010 жылдың қаңтар–наурыз айларында Тараз қаласында тұратын 1993 жылы туылған еркек жынысты азаматтарды шақыру учаскесіне тіркеуді жүргізу ұсынылсын.

2. «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 наурыздағы № 226 Қаулысымен айқындалған тәртіппен әскери қызметке жарамдылық деңгейін анықтау үшін шақыру учаскелеріне тіркелу кезінде азаматтардың медициналық комиссиядан өтуі ұйымдастырылсын.

3. «Жамбыл облысы Ішкі істер департаментінің Тараз қалалық Ішкі істер басқармасы» мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) өз құзыреттері шегінде әскери міндеттерін орындаудан жалтарған адамдарды іздестіруді және ұстауды жүзеге асыру ұсынылсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Тараз қаласы әкімінің орынбасары М.А. Актановаға жүктелсін.

5. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Тараз қаласының әкімі*

*Е. Астаев*

«КЕЛІСІЛДІ»

«Жамбыл	облысы	Тараз	қаласының
Қорғаныс	істері	жөніндегі	басқармасы»
мемлекеттік		мекемесінің	бастығы

С . И .

28 желтоқсан 2009 жыл

«Жамбыл облысы

Тараз қалалық

мемлекеттік

Б . Ә .

28 желтоқсан 2009 жыл

М е л ь н и к о в

Ішкі істер

Ішкі істер

мекемесінің

департаментінің

басқармасы»

бастығы

К ү л е к е е в

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК